

Оқушылардың республикалық олимпиадасы

II тур
10-сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	<p>Көп елді күтінбеген қырды, жойды, Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды. Жазасыз жақын жердің бәрін шапты, Дарияның суындай қандар ақты.</p> <p>Үзінді кімнің өлеңінен келтірілген? Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.</p>
2	Қазақ әдебиеті	<p>Қара жерге қар жауар, Қарды көр де, етім көр. Қар үстіне қан тамар Қанды көр де, бетім көр.</p> <p>1. Өлеңнің бірыңғай дауыссыз дыбыстан басталуы, оның ережесін айтыңыз</p> <p>А) аллитерация В) метанимия С) литота D) гипербола Е) эллипсис</p> <p>2. Өлеңде қолданылған айшықтаудың түрі</p> <p>А) шендестіру В) метанимия С) аллегория D) гипербола Е) полемика</p>

		<p>3. Өлеңде қолданылған ұйқастың түрі</p> <p>А) қара өлең В) шалыс С) шұбыртпалы D) аралас E) ерікті</p>
3	Қазақ тілі	<p>Сөйлемге синтаксистік талдау жаса.</p> <p>Қолында ұршық, өзі ұршықша иірілген Күлпәштің юморлық образы арқылы жазушы қоғамда белең алып бара жатқан өтірік көлгірсу мен жағымпаз мінездің аулынан шалғайлатып, жасанды әрекеттерсіз қарапайым тірлік кешкен ауыл адамының ұлттық болмысымен жақындаса түсіруді мақсат тұтқандай.</p>
4	Қазақ тілі	<p>Мәтіндегі қарамен берілген сөздер мен сөз тіркестеріне морфологиялық талдау жаса.</p>
5	Тіл мәдениеті	<p>Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.</p> <p>Мен туғанда, әкем елуді еңсеріп қалған кісі екен. Әжем жарықтық әкемді балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды деп отырар еді. Әкем өз бетінше талпынып жүріп ескіше сауатын ашып алышты. Содан өле-өлгенше өз бетінше оқып-тоқыған адам. Ол есеп-қисапты тәуір білетін. Тіпті орыс алфавитін де ежіктеп шығара беруші еді. Жас күнінде ағаш ұста болыпты, етікші де атаныпты, тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе, зергерлікті жақсы көрген. Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған. Жігіт күнінде қыз-келіншектің көңілін аулау амалымен үйренген зергерлік өнерін әкем қартайғанда тастамаған. Мұнда ол соққан сақина-білезікті салып жүрген көзі тірі кемпірлер бар. Ал, ол кемпірлер бір кезде уылжыған жас еді ғой.</p> <p>Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпті. Ескі ақын-жыраулардың термелерін, қиссаларын жақсы көріп тыңдайтын. Бірақ жатқа айта алмаушы еді.</p> <p>Момыш әкем ат жалын тартып мініп, бозбала халге жеткенде, Имаш бабам шаруа билігін соның қолына беріпті. Ауылдағы келін-кепшікті бір шыбықпен айдайтын адуынды Қызтумас әжемнің өзі де:</p> <p>- Момыштан сұрандар, Момыш біледі, - деп отырады екен.</p> <p>Ағайын-туған арасындағы алыс-беріс, көші-қон мәселесі, ас-той, дау-дамай - бәрі-бәрі Момыштың араласуынсыз шешілмеген. Өлдеқалай ол жол жүріп кетсе, сапардан қайтып келгенше тірлікті соған қаратып, жолын күтіп отыратын болған. Имаш бабамның көзінің тірісінің өзінде біздің шағын ауылды - Момыш ауылы дейді екен. Шаруамыз шап-шағын еді. Біздің үйдің іші қартайған Имаш бабамнан бастап, есін енді-енді біліп келе жатқан баласына дейін жеген нанын табан ақы, маңдай терімен тапқан. Ешкімді жалдамаған, ешкімге жалданбаған.</p>

	<p>I. Мәтіннің тақырыбын анықта.</p> <p>a) Менің әкем b) Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің c) Момыш ауылы</p> <p>II. Мәтін қай стильде жазылған?</p> <p>III. Мәтіндегі негізгі ойды екі-үш сөйлеммен жинақтап жаз.</p>
--	---

- *Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут*